

	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру ережелері	№ 1 Экземпляр	2 басылым
		04.06.2024 ж. бастап қолданысқа енгізілді.	бет 1-12 ден

**«Nomad Life» ӨСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы «03» маусымдағы
№ 030624/1 Хаттамасымен
БЕКІТІЛДІ**



12.09.2024 ж. өзгерістермен

**ҚЫЗМЕТКЕР ЕҢБЕК (ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІН)
АТҚАРҒАН КЕЗДЕ ОНЫ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ., 2024

<p>Life</p> <p>Nomad</p>	<p>Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>Бет 2 -12-тен</p>
--------------------------	---	----------------------

Мазмұны

ТАРАУ 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
ТАРАУ 2. ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР	3
ТАРАУ 3. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ	4
ТАРАУ 4. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ	5
ТАРАУ 5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ	5
ТАРАУ 6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ	6
ТАРАУ 7. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮЫНЫҢ САЛДАРЫ.	6
ТАРАУ 8. ҚЫЗМЕТКЕРДІ ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНЕН АЙЫРЫЛУ ДӘРЕЖЕСІН АЙҚЫНДАУҒА КУӘЛАНДЫРУ ТІРТІБІ.....	7
ТАРАУ 9. ЗИЯН КЕЛТІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӨЛШЕРІ, МЕРЗІМДЕРІ МЕН ТӘРТІБІ.....	7
ТАРАУ 10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ.....	8
ТАРАУ 11. АННУИТЕТ ШАРТЫН ЖАСАСУ	9
ТАРАУ 12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ.....	9
ТАРАУ 13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ.....	9
ТАРАУ 14. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	10
ТАРАУ 15. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	11
ТАРАУ 16. ҚОСЫМША ШАРТТАР	11

ТАРАУ 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыруды жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын (бұдан әрі – қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру) және сақтандыру шарттарын жасасу тәртібін айқындайды.
2. Осы Ереже коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың – заңды тұлғалардың, жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын дара кәсіпкерлердің, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлерін еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыруды реттейді.
3. Осы Ережелерге сәйкес «Nomad Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Сақтанушылармен Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасасады.
4. Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандырудың мақсаты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкерлердің мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

ТАРАУ 2. ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

1. **Сақтандырушы** – «NOMAD Life» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы, сақтандыруды жүзеге асыратын, «өмірді сақтандыру» класы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына Сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) Шартта айқындалған сақтандыру сомасы (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті.
2. **Сақтанушы** - Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан және Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеген жұмыс беруші.
3. **Сақтандырылушы** - өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға -қызметкер.
4. **Пайда алушы** - Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.
5. **Аннуитеттік сақтандыру шарты (бұдан әрі - аннуитет шарты)** - Сақтандырушы шартта белгіленген мерзім ішінде Пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті Сақтандыру шарты;
6. **Кәсіптік еңбекке қабілеттілік** - қызметкердің белгілі бір біліктіліктегі, көлемдегі және сападағы жұмысты орындау қабілеті;
7. **Кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі** - қызметкердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау қабілетінің төмендеу деңгейі;
8. **Кәсіптік тәуекел сыныбы** - экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптасқан өндірістік жарақаттану және кәсіптік сырқаттану деңгейі;
9. **Қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру** - еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі қатынастар кешені;
10. **Сақтандыру жағдайы** - еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезіндегі жазатайым оқиға (бұдан әрі - қызметкермен (қызметкерлермен) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсерінен болған, соның салдарынан өндірістік жарақат, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улану орын алған, оны кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 186-бабының 2-тармағында көзделген мән-жайлар кезінде кәсіптік ауруға әкеп соққан жазатайым оқиға;

<p>Life</p> <p>Nomad</p>	<p>Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>Бет 4 -12-тен</p>
--------------------------	---	----------------------

11. **Сақтандыру сомасы** - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақшалай сома.

12. **Сақтандыру сыйлықақысы** - Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақшалай сома.

13. **Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру объектісі** - оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін 5% - дан 29% - ға дейін белгілеуге алып келген, жазатайым оқиға салдарынан өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүлктік мүддесі.

Жоғалған табысын (кірісін) өтеуге жататын есептеу үшін ескерілетін орташа айлық табыстың (кірістің) мөлшері осы Сақтандыру шартын жасасу күніне арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының он еселенген мөлшерінен аспайды. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру субъектілері: Сақтанушы, Сақтандырушы және Пайда алушы болып табылады.

14. **Сақтандыру төлемі** - Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде Пайда алушыға төлейтін ақшалай сома.

15. **Сақтандыру мерзімі** - Сақтандырушының сақтандыру жауапкершілігі қолданылатын кезең.

ТАРАУ 3. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ

1. Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру осы Ережелерге, қолданыстағы заңнамаға және Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін қызметкердің пайдасына Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында жазбаша нысанда Сақтандыру шартын жасасу жолымен жүзеге асырылады.

2. Болашақта Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Сақтанушының өтініші Сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

3. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда өз қолданысын тоқтатады:

- 1) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткенде;
- 2) Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;
- 3) Сақтандырушының Сақтандыру шартында белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырғанда;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және / немесе Сақтандыру шартында көзделген өзге де жағдайларда.

3. Сақтандыру шартының тоқтатылуы Сақтандырушыны кейіннен Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде орын алған сақтандыру жағдайлары деп танылған жазатайым оқиғалар бойынша Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттен босатпайды.

4. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 841-бабында белгіленген жағдайларда да мерзімінен бұрын тоқтатылады. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағында белгіленген шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда Шарт Шартты тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі Тарап екінші Тарапты дереу хабардар етуге тиіс.

5. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағында көзделген мән-жайлар бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушының сақтандыру қолданылған уақытқа барабар сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқығы бар.

6. Сақтанушы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушыны бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын немесе Тараптар келіскен өзге де мерзімде жазбаша хабардар ету жолымен кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

7. Сақтанушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабының 2-тармағында көзделген мән-жайлар бойынша Шарттан бас тартқан кезде, егер бұл Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты

<p>Life</p> <p>Nomad</p>	<p>Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>Бет 5 -12-тен</p>
--------------------------	---	----------------------

болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

8. Сақтанушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабының 2-тармағында көзделген мән-жайлар бойынша шарттан бас тартқан кезде, Егер бұл Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

Сақтанушы-жеке тұлға сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, ол жасалған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін шегергенде алынған (алған) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданылған уақытқа және сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығасыларға барабар алынған (алынған) сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру сыйлықақыларының) он пайызынан аспайтын мөлшерде қайтаруға міндетті.

9. Егер осы Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен өзінің талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын толығымен қайтаруға міндетті.

10. Сақтанушы Сақтандырушыны осы Шартты ұзарту ниеті туралы хабардар еткен жағдайда, Шарт осы Шартты ұзартудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 10 күннен ерте емес, бірақ осы Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен кешіктірілмейтін мерзімде жаңа мерзімге ұзартылуы мүмкін. Осы Шартты ұзарту Сақтанушы жасалатын шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеген жағдайда жаңа Шарт жасасу жолымен жүзеге асырылады.

11. Зардап шеккен қызметкерге кәсіптік ауруды анықтау нәтижесінде кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі анықталған жағдайда, егер Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде кәсіптік ауру белгіленген болса, сақтандыру төлемін Сақтандырушы жүзеге асырады.

Бұл ретте, бұл жағдайда жазатайым оқиғаның күні болып:

- 1) қызметкерге еңбек жарақатының салдарынан кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде - жазатайым оқиға туралы актіде көрсетілген жазатайым оқиға күні;
- 2) қызметкерге кәсіптік ауруды анықтау нәтижесінде кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде - кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық, сараптамалық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының қорытынды күні есептеледі.

ТАРАУ 4. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

1. Сақтандыру шарты, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген күннен кейінгі күннен, ал оны бөліп төлеген кезде - бірінші сақтандыру жарнасы төленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысын төлеу күні есеп айырысу шотына немесе Сақтандырушының кассасына ақша түскен күн болып есептеледі.

2. Егер Сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, Сақтандыру шарты ол күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады. Сақтандыру шарты сақтандырудың барлық мерзімі ішінде қолданылады және бірінші туындаған сақтандыру жағдайы бойынша өзінің қолданылуын тоқтатпайды.

3. Қызметкердің өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару аумағы сақтандыру аумағы болып табылады.

ТАРАУ 5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ

1. Осы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы Тараптардың келісімімен айқындалады.

2. Сақтандыру сомасы тараптардың келісімі бойынша өзгеруі мүмкін.

3. Сақтандыру төлемінің мөлшері (барлық жүзеге асырылған төлемдердің жалпы мөлшері) Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауға тиіс.

Бұл құжатқа электронды түрде қолдау көрсетіледі. Басып шығарылғаннан кейін құжат ескерілмейтін даналар санатына өтеді

4. Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Сақтанушы экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол өзінің қызметінің негізгі түріне сәйкес келетін кәсіптік тәуекел класына жатқызылуға тиіс. Сақтанушы өндірістің жалпы көлемінде біркелкі бөлінген экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол кәсіптік тәуекелдің неғұрлым жоғары сыныбы сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс.

5. Сақтанушының Сақтанушы қызметінен өзгеше қызметті жүзеге асыратын филиалы (филиалдары) болған жағдайда, ол өзінің кәсіптік тәуекел класы сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс.

Бұл ретте филиалдың (филиалдардың) өзі жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрі туралы растамасы болуы тиіс (болуға тиіс).

6. Сақтандыру шартының қолданысы ішінде қызметкердің кәсіптік тәуекел сыныбы өзгерген жағдайда сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қалған мерзімге барабар қайта есептелуге жатады.

ТАРАУ 6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасына көбейтілген сақтандыру тарифін қолдану жолымен Тараптардың келісімімен айқындалады. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін Сақтандырушы бекіткен сақтандыру тарифтері пайдаланылады.

2. Сақтандыру сыйлықақысын төлеуді сақтанушы сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және мерзімдерде бір рет немесе бөліп төлеп жүргізеді.

3. Сақтандыру шартының қолданысы ішінде Сақтанушының кәсіптік тәуекел класы өзгерген жағдайда сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткенге дейін қалған мерзімге барабар қайта есептелуге жатады.

ТАРАУ 7. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮЫНЫҢ САЛДАРЫ

1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлауға міндетті.

2. Егер Сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, жоғалған табысын (кірісін) өтеуге жататын есептеу үшін ескерілетін орташа айлық табыстың (кірістің) мөлшері осы Сақтандыру шартын жасасу күніне арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының он еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Сақтандыру төлемінің мөлшері Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді шегергенде жүзеге асырылады.

3. Маңызды болып, кез-келген жағдайда, келесі өзгерістер мен жағдайлар танылады:

1) Сақтандыру шартының қолданысы ішінде қызметкердің кәсіптік тәуекел класы өзгерген жағдайда;

2) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушының өтінішінде көрсетілген, сондай-ақ Сақтандыру шартында айтылған шарттар мен мән-жайлардың өзгеруі;

4. Егер мұндай өзгерістер орын алған жағдайда, өзгерістер басталған сәттен бастап 10 (он) күн ішінде тиісті өзгерістермен Сақтандыру шартына қосымша келісім жасасу қажет.

5. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы жылдық қор ұлғайған, кәсіптік тәуекел класы өзгерген кезде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қосымша төлеу жолымен Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді талап етуге құқылы.

6. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру

<p>Life</p> <p>Nomad</p>	<p>Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>Бет 7 -12-тен</p>
--------------------------	---	----------------------

сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартын бұзуға құқылы.

ТАРАУ 8. ҚЫЗМЕТКЕРДІ ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНЕН АЙЫРЫЛУ ДӘРЕЖЕСІН АЙҚЫНДАУҒА КУӘЛАНДЫРУ ТІРТІБІ

1. Қызметкердің (қызметкерлердің) еңбекке қабілеттілігінен бір күннен артық айырылуына әкеп соққан әрбір жазатайым оқиға медициналық қорытындыға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жазатайым оқиға туралы актімен ресімделеді.
2. Қызметкерді еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындауға куәландыруды уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі Сақтанушының, Сақтандырушының не қызметкердің өтініші бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімі бойынша жүргізеді. Денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы және жазатайым оқиға туралы акт куәландыру үшін негіз болып табылады.
3. Қызметкерді жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауру салдарынан еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындауға куәландыру, сондай-ақ көмек пен күтімнің қосымша түрлеріне мұқтаждықты айқындау Қазақстан Республикасының Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.
4. Кәсіптік аурулардың тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

ТАРАУ 9. ЗИЯН КЕЛТІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӨЛШЕРІ, МЕРЗІМДЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

1. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян қызметкердің уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты зиянды қоспағанда, оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге байланысты зиянды материалдық білдіруді қамтиды. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері осы Ережелерге сәйкес ұсынылған құжаттар негізінде айқындалады.
2. Қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге байланысты табысынан (кірісінен) айырылуға байланысты зиянның мөлшері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес айқындалады.
3. Осы Ережелерге сәйкес Сақтандырушы қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін 5% - дан 29% - ға дейін қоса алғанда белгілеуге байланысты табысынан (кірісінен) айырылуына байланысты зиянды өтеу ретінде қызметкерге тиесілі ай сайынғы сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
4. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге әкеп соққан Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде қызметкердің табысынан (кірісінен) айырылуына байланысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемін Сақтандырушы аннуитет шарты негізінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және осы Ережелерге сәйкес айқындалатын мөлшерде ай сайын қызметкердің пайдасына жүзеге асырады, қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу не ұзарту (қайта куәландыру) мерзіміне тең мерзім ішінде, Сақтанушы Сақтандырушымен жасасқан аннуитет шартына сәйкес, бірақ қызметкердің Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа толу мерзімінен аспайтын мерзімде.
5. Сақтандырушы табысынан (кірісінен) айырылуына байланысты зиянды өтеу ретінде жүзеге асыратын сақтандыру төлемдерінен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және аударылады.
6. Кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 5-тен 29% - ға дейін белгіленген жағдайда қызметкердің денсаулығының зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеуді Сақтандырушы қызметкер не осы шығыстарды шеккен адам ұсынған осы шығыстарды растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырады. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 5% - дан 29% ға дейін қоса алғанда белгіленген жағдайда оның денсаулығының зақымдануынан туындаған шығыстардың (сақтандырушы өтейтін) жиынтық мөлшері Бұл құжатқа электронды түрде қолдау көрсетіледі. Басып шығарылғаннан кейін құжат ескерілмейтін даналар санатына өтеді

республикалық бюджет туралы заңда белгіленген тиісті қаржы жылына арналған 250 айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

7. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемін Сақтандырушы Ережелердің осы тарауында белгіленген мөлшерлер шегінде қызметкер не осы шығыстарды көтерген адам осы шығыстарды растайтын құжаттарды және осы Ережелердің 10-тарауында көзделген құжаттарды ұсынған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

8. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі жиынтық сақтандыру төлемдерін Сақтандырушы Ережелердің осы тарауында айқындалған мөлшерлер шегінде кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылудың тиісті бастапқы белгіленген дәрежесі бойынша жүзеге асырады.

9. Сақтандыру төлемін аударуға байланысты шығыстар Сақтандырушының есебінен жүргізіледі.

ТАРАУ 10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға тұрғылықты жері, пайда алушының байланыс телефондары, банк деректемелері (қажет болған жағдайда), сақтандыру төлемін алу тәртібі көрсетілген жазбаша нысанда - сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, банк шотына аудару жолымен қояды.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда:

а) жазатайым оқиға туралы акт;

б) зардап шеккен қызметкердің жеке басын куәландыратын, мемлекеттік дерекқормен/ДББЖ-мен салыстырылған немесе құжаттардың түпнұсқасымен салыстырылған деректердің көшірмелері;

в) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылуды белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;

г) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің көмек пен күтімнің қосымша түрлеріне мұқтаждығы туралы анықтамасының көшірмесі;

д) жалпы еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда тағайындалған әлеуметтік төлем сомасы туралы не оны тағайындаудан бас тарту туралы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің анықтамасының көшірмесі;

е) кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы берген кәсіптік аурудың болуын растайтын құжаттың көшірмесі;

ж) жұмыс беруші куәландырған, зардап шеккен қызметкердің өзі жұмыс істеген, бірақ он екі айдан аспайтын кезеңдегі жалақысының мөлшерін растайтын құжаттың көшірмесі;

з) емдеуге нақты жұмсалған шығыстарды растайтын құжаттар (шот-фактура, кассалық чек және басқалар).

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып, екі данада анықтама жасауға міндетті.

Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісі бар екінші данасы сақтандырушыда қалады.

Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға осы тараудың 2-тармағында көзделген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда сақтандырушы 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

Сақтандырушы, егер нақты мән-жайларды ескере отырып, олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтауға және залалдың мөлшерін анықтауға мүмкіндік бермейтін болса, Сақтанушыдан не Пайда алушыдан қосымша басқа құжаттарды сұратуға құқылы.

4. Зардап шеккен қызметкер, сондай-ақ Сақтандыру шартында белгіленген Сақтандырушының жауапкершілік көлемі шегінде Пайда алушыға келтірілген зиянды өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған Сақтанушы немесе өзге тұлға Пайда алушы болып табылады.

5. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы Пайда алушыдан оның

Бұл құжатқа электронды түрде қолдау көрсетіледі. Басып шығарылғаннан кейін құжат ескерілмейтін даналар санатына өтеді

<p>Life</p> <p>Nomad</p>	<p>Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>Бет 9 -12-тен</p>
--------------------------	---	----------------------

Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауды талап етуге құқықсыз.

ТАРАУ 11. АННУИТЕТ ШАРТЫН ЖАСАСУ

1. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі белгіленген не ұзартылған (қайта куәландырылған) жағдайда Сақтанушы Сақтандырушымен (осы Шарт бойынша) Сақтандырушы ұсынған нысан бойынша қызметкердің пайдасына аннуитет шартын жасасуға міндетті.
2. Аннуитет шарты осы Ережелердің 10-тарауының 2-тармағында көзделген құжаттар ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.
3. Аннуитет шарты зардап шеккен қызметкердің Сақтандыру шарты бойынша талаптар мен шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мөлшерде және мерзімдерде табыс алуын қамтамасыз ететін шарттарда жасалады.
4. Аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын Пайда алушымен төлеуге жатпайды.
5. Белгіленген тәртіппен өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жауапты деп танылған Сақтанушы таратылған жағдайда, аннуитет шарты Сақтандыру шартында көзделген тәртіппен зардап шеккен қызметкермен жасалады.
6. Тараптар аннуитет шартын жасасқан кезде, Сақтандыру шартында көзделген жағдайларда Сақтандырушы аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының сомасын Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасынан аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу есебіне шегеруді жүзеге асырады. Егер Сақтандыру шартына сәйкес Тараптар жасаған аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асып кеткен жағдайда, айырма Сақтандырушыға Сақтанушының есебінен төленеді.
7. Аннуитет шарты қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы орын алған Сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушымен жасалады.

ТАРАУ 12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

1. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 186-бабының 3-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.
2. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы келесінің салдарынан болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:
 - 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;
 - 2) әскери іс-қимылдар;
 - 3) азаматтық соғыс, кез-келген түрдегі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.
3. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы қабылдайды және Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін дәлелді негіздеумен жазбаша нысанда хабарланады.
4. Сақтандырушы жәбірленушінің моральдық зиянын және жоғалған пайдасын, сондай-ақ жәбірленушінің міндеттемелерінен туындайтын айыппұлдар мен тұрақсыздық айыбын өтемейді.
5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы (пайда алушы) дауды сақтандыру омбудсманы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және шарттарда реттеген жағдайда сотқа шағым жасай алады. Сақтандырушы сақтандыру омбудсманының шешіміне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

ТАРАУ 13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ

1. Сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың негіздері мен салдары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалады.

Бұл құжатқа электронды түрде қолдау көрсетіледі. Басып шығарылғаннан кейін құжат ескерілмейтін даналар санатына өтеді

ТАРАУ 14. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушы құқылы:

- 1) сақтандыру жағдайы басталған кезде қызметкерді еңбек жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы (бұдан әрі – уәкілетті орган) куәландырған кезде қатысуға;
- 2) өз құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ Пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот тәртібімен қорғауға;
- 3) Сақтандырушыдан Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру шарттарын, құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 4) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға.

2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның сақтандыру жөніндегі барлық құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 2) қызметкердің (қызметкерлердің) кәсіптік тәуекел класы өзгерген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 3) сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;
- 4) жазатайым оқиғаның басталғаны туралы өзіне белгілі болғандай, дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 5) уәкілетті орган өкілдерінің және Сақтандырушының міндетті түрде қатысуымен сақтандыру жағдайларының туындау мән-жайларын тергеп-тексеруді қамтамасыз етуге;
- 6) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеуге;
- 7) Сақтандырушыға шартта белгіленген мерзімде сақтандыру төлемін есептеу үшін қажетті құжаттарды ұсынуға;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерді міндетті медициналық қарап-тексерулердің уақтылы жүргізілуін қамтамасыз етуге;
- 9) сақтандыру жағдайларының алдындағы қызметкерлердің еңбек жағдайлары туралы құжаттарды уәкілетті органға және денсаулық сақтау ұйымдарына ұсынуға;
- 10) жұмыскерлерді өндірістен қол үзбей еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне оқытуға;
- 11) жазатайым оқиғалардың профилактикасы, алдын алу және тергеп-тексеру мәселелері жөніндегі уәкілетті органның шешімдерін орындауға;
- 12) Сақтандырушыға өзінің қайта ұйымдастырылғаны немесе таратылғаны туралы уақтылы хабарлауға;
- 13) сақтандыру жағдайынан шығынды азайту шараларын қолдануға;
- 14) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығын Сақтандырушыға көшуді қамтамасыз етуге;
- 15) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде қызметкердің пайдасына аннуитет шартын жасасуға;
- 16) осы Сақтандыру шартында көзделген барлық (өзге) міндеттерді тиісінше орындауға міндетті.

3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) сақтандыру жағдайларын тергеп-тексеруге қатысуға;
- 2) уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі қызметкерді куәландыру кезінде қатысуға;
- 3) сақтандыру жағдайлары бойынша ақпаратты тексеруге және қажет болған жағдайда тиісті уәкілетті органдарға сұрау салулар жіберуге;
- 4) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін Сақтанушының объектілеріне тексеру жүргізуге;
- 5) Азаматтық кодексте, Әлеуметтік кодексте және Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 6) сақтандыру жағдайларының алдын алу бойынша ұсынымдар беруге;
- 7) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;

Бұл құжатқа электронды түрде қолдау көрсетіледі. Басып шығарылғаннан кейін құжат ескерілмейтін даналар санатына өтеді

<p>Life</p> <p>Nomad</p>	<p>Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>Бет 11 -12-тен</p>
--------------------------	---	-----------------------

8) зиян келтірген адамға кері талап қоюға.

4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны Сақтандыру шартының талаптарымен таныстыруға және оның Сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ережелерге және Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 3) өз қызметі нәтижесінде алынған Сақтанушы және Пайда алушы туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 4) сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Пайда алушыға өтінішті және осы Ережелердің 10-тарауының 2-тармағында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін жіберуге;
- 5) Сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге;
- 6) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде қызметкердің пайдасына Сақтанушымен аннуитет шартын жасасуға;
- 7) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2-бабы 2-тармағының 1-тармағына және екінші бөлігіне сәйкес басқа ұйымдардың өз интернет-ресурсын және (немесе) интернет-ресурстарын пайдаланған кезде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинау мен өңдеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуге.

5. Пайда алушы құқылы:

- 1) Заңда және Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және шарттарда сақтандыру төлемін алуға;
- 2) Сақтанушыдан және Сақтандырушыдан осы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру шарттары туралы ақпаратты тегін алуға;
- 3) сақтандыру жағдайын тергеп-тексеру мәселелері жөніндегі шешімдерге уәкілетті органға немесе сотқа шағымдануға;
- 4) медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жүгінуге;
- 5) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға;
- 6) сақтандыру жағдайын тергеп-тексеруге, оның ішінде жұмыскерлер өкілдерінің не өзінің сенім білдірілген адамының қатысуымен қатысуға;
- 7) Сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына, еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға, еңбек жөніндегі уәкілетті органға немесе сотқа жүгінуге;
- 8) «Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы» заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтініш пен қоса беріліп отырған құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге құқылы.

ТАРАУ 15. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру шарты бойынша туындайтын дауларды Тараптар келіссөздер жүргізу жолымен қарайды.
2. Келісімге қол жеткізілмеген кезде дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен соттың қарауына беріледі.

ТАРАУ 16. ҚОСЫМША ШАРТТАР

1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Барлық өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың Бұл құжатқа электронды түрде қолдау көрсетіледі. Басып шығарылғаннан кейін құжат ескерілмейтін даналар санатына өтеді

Life Nomad	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру ережелері	Бет 12 -12-тен
-------------------	--	----------------

келісімі бойынша Сақтандыру шартына енгізіледі және қосымша келісіммен ресімделеді.

2. Осы Ережелермен реттелмеген барлық нәрсе Сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

3. Сақтандыру сомасы, сақтандыру төлемі және сақтандыру сыйлықақысы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен белгіленген және Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес теңгемен төленуге/өтелуге жатады.

4. Сақтанушы сыйлықақыны төлеумен келесіні растайды:

1) Сақтандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен және Сақтандыру шартын жасасу күніне қолданыста болған және nomadlife.kz сайтында жарияланған Сақтандыру ережелерімен өзінің келіскені мен танысқанын.

2) ол жүзеге асыратын операция қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен, жаппай қырып-жою қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін.

3) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының №94-V Заңына сәйкес Сақтандырушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және үшінші тұлғаның Сақтандырушының не Сақтанушының (Пайда алушының) дербес деректерін беруіне өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылушының (пайда алушының) келісімін.

5. Дербес деректерді пайдалану Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандыру шартының/полисінің және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауы мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушы қызметінің мақсаттарын тұтастай іске асыру үшін жүзеге асырылады.

6. Сақтанушы Сақтандырушыдан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін жинауға және өңдеуге жазбаша келісімін талап етуге міндетті.

7. Сақтанушы Сақтанушының (Пайда алушының) Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтанушының (Пайда алушының) дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімінің болмауы үшін жауап береді.

8. Қажет болған жағдайда Сақтанушы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі және дербес деректерді қорғау мәселелері жөніндегі ҚР заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұрататын барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.